

УДК 338.487

ҚАЗАҚСТАНДА ЭКСТРЕМАЛДЫ ТУРИЗМНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ МЕН ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕРІ

Теміртас Асыл Арманқызы

tm_asil@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Туризм мамандығының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.С.Омарова

Қазіргі уақытта экономиканың дамуы үшін әр түрлі саларалық кешендердің қызмет етуі қаншалықты болса, оқшауланған салаларды дамыту соншалықты тән емес. Туризмге ұлттық экономиканың ірі салааралық дербес шаруашылық кешені сай келеді, туризм саласы әр түрлі салаларды біріктіре отырып, әдеттегі вертикальді жазықтықта жатқан жоқ, керісінші, әр түрлі салаға тән ұйымдар мен кәсіпорындарды қоса отырып, әлдебір горизонтальді кеңістікті қамтиды.


Соңғы онжылдықта экстремалды туризм-бұл әлем бойынша кең таралған заманауи туризмнің жаңа бағыты. Белсенді туризмді одан әрі дамытуға ықпал ететін халықаралық ұйымдар: Дүниежүзілік туристік ұйым, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Дүниежүзілік дала табиғат қоры, Халықаралық табиғат және табиғи ресурстар қорғау одағы экстремалды туризмнің танымалдығының куәсі болып табылады. Барлық жерде халықаралық және аумақтық деңгейде экстремалды туризмді дамыту мәселелері бойынша жаппай конференциялар, конгрестер, кеңестер мен симпозиумдар (халықаралық кездесулер) өткізілді. Нәтижесінде көптеген туристік агенттіктер туризм тарапынан экстремалды туризмге үлкен көңіл бөлді.

Туризмнің басқа түрлерінен экстремалды туризмнің негізгі ерекшелігі туристердің табиғатта белгіленген тәртіпке бағынуы, табиғи ландшафттарды шамадан тыс ластанудан қорғау және өнеркәсіптік туризмді дамытудың басты шарты болып табылатын табиғи ресурстардың тозуын болдырмау болып табылады.

Қазақстан Республикасында экстремалды туризмді дамыту қажеттілігі экономикалық фактормен ғана емес, яғни жаңа жұмыс орындарын құрумен, шалғай өңірлерде жергілікті қоғамдастықтардың дамуымен, сондай – ақ әлеуметтік тапсырыспен тұтастай және халықтың денсаулығы мен бос уақыт мәселелерін жүйелі түрде шешумен түсіндіріледі. Дүниежүзілік туристік ұйым сарапшыларының пікірінше, соңғы он жылда экстремалды туризм ең танымал болды және кез-келген мемлекеттің тұрақты дамуының құралы болып табылады. Шын мәнінде, бұл туризм ел экономикасының қарқынды дамуында ерекше орын алады. Туристік әлеуетті зерттеу нәтижелері Қазақстанның экстремалды туризмді дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие екенін көрсетеді. Ол Еуразия ортасындағы бірегей табиғи жағдайлар мен ландшафттарға негізделген. Еліміздің өңірлерінде жер үсті, әуе, су және тау туризмімен қатар джайло-туризмді дамыту маңызды.

Экстремалды туризм сияқты географиялық мәселелер бүтіндей туризм екеуі өзара бір-бірін толықтырып комплексі шешім қабылдауды талап етеді. Туризмнің басқа түрлері секілді экстремалды туризмнің де дамуы қонақ үйлер құрылысы, туристік базалар, кіріс жолдар, тамақтану пунктері, жарнама өнімін даярлау және басқа да мақсаттарды

қаржыландыру және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге байланысты. Қазіргі уақытта экстремалды туризмнің мынандай түрлері бар (1 сурет).



1 - сурет. Экстремалды туризм түрлері

Экстремалды туризмнің бұл аталған түрлері де өзара бірнеше түрге жіктеледі.

Қазақстандағы экстремалды туризмнің әлсіз дамуының себептеріне келесілерді жатқызуға болады:

- экстремалды туризмнің нормативті-құқықтық базасының дамымағандығы;
- экстремалды туризмнің объектісінің жағдайы мен саны жөніндегі статистикалық есептің болмауы;
- ерекше қорғалатын табиғи территориялардың көпшілігінде экстремалды туризм маршруттарын дамытуға қаражаттың жоқтығы, келушілерге қызмет көрсететін және ақпарат беретін дайындықтан өткен мамандардың жоқтығы;
- магистральдар мен жолдарды айтарлықтай алыста орналасқан. Экстремалды туризм объектілеріне көліктің жетуінің қиындығы;
- экстремалды туризм саласындағы халықаралық қатынастардың және экстремалды туризмді ұйымдастырудағы халықаралық тәжірибенің болмауы.

Қазақстанда туристік қызметті дамыту бағыттарын қарастыру кезінде мемлекеттік деңгейде қабылданған стратегиялар мен бағдарламалардың көмегімен туристік қызметті дамытпай, экстремалды туризмнің қоршаған ортаға теріс әсер ету мүмкіндігіне жол бермеу қажет. Әрине, экстремалды туризмді дамыту тиісті инфрақұрылымсыз болмайды. Біріншіден, қызмет көрсетілетін объектілердің оңтайлы үйлесімін ескере отырып, туристік қызметті дамыту қажет. Көлік жолдарына жақын, ғимараттардың жарақтандырылуы, азық-түлік базаларын ұйымдастыру үшін мүмкіндіктердің болуы және материалдық-техникалық базаның даму деңгейі. Экстремалды туризмнің объектісі табиғат болғандықтан, табиғат аса ландшафтындағы елеулі өзгерістерге ұшырамайтындай етіп инфрақұрылымды дамыту қажет. Әдетте, бірінші ландшафтың өзгеру қаупіне негізінен тау және биік таулы аудандар әсер етеді. Туристік қозғалыстардың көп болуына байланысты ерте шағын туристік базалар мен аңшылық үйлері, ірі қонақ үй кешендері мен демалыс базаларында орын алады. Қысқы демалыстың дамуымен шаңғы трассаларын, жолдар мен электр желілерін пайдалану орман алқаптарының қысқаруына, табиғи кешендердің біртіндеп дағдарысына және ландшафттардың эстетикалық тартымдылығын төмендетуге алып келді. Екіншіден, экстремалды туризм экотуризм объектісі ретінде табиғатты сақтаумен байланысты. Сондықтан қаражат тек экстремалды туризмді кеңінен тарату үшін ғана емес, сонымен қатар шолу аймақтарын салу, қозғалыс бағыттарын реттеу үшін де қажет. Алайда қазіргі уақытта қорғалатын табиғи аумақтарды мемлекет қаржыландырмайды, сондықтан болашақта инвестициялар үшін барлық жағдайлар жасалуы тиіс. Алайда, табиғи объектілерді қалпына келтіру мен ұстау үшін барлық жауапкершілік меншік құқығында жатыр. Осы аумақта инфрақұрылымды дамытумен айналысатын жеке ұйымдардың иелері барлық табиғи ресурстарды тұрақты және жүйелі пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстандағы туризм жағдайының қызығушылық деңгейін бағалау мақсатында «ИПК» халықаралық компаниясының маркетингтік зерттеулерін қолдандық. Осы жүргізілген зерттеулердің нәтижесі бойынша шетел тұтынушыларының әлеуметтік-демографиялық

факторлары мына түрде анықталды: жалпы Қазақстандағы туристік лек бойынша ағылшындар - 10%, 35-54 жас аралығында, оның ішінде 26% - отбасы; Екінші топ – корейлер туристік лектің 8% құрайды, 25-54 жас аралығында, оның ішінде 39% - жас жұбайлар; Үшінші топ – француздар жалпы туристік лектің 6%, оның ішінде 32% - жас жұбайлар; Төртінші топ – немістер 35-54 жас аралығында; Бесінші топ – жапондықтар туристік лектің 1%, 45-65 жас аралығында, оның ішінде – 10% жас жұбайлар.

«ИПК» маркетингтік зерттеулері нәтижесінде шетел туристерінің сұраныстары бойынша далалық сафариде, дәлірек айтқанда, далалықта джиппен саяхатты қалаушылар саны басқа туризм түрлерінің сұраныстарына қарағанда көбірек. Бұған бірден-бір себеп Қазақстандағы тұзды суларымен далалық 20 ландшафтық зонаның болуы. Бұл жеке тәуелсіз туризм дамуына зор үлесін қосуы әбден мүмкін. Екінті мәліметтердің негізіне сүйенсек, мынадай қорытындыға келуге болады: шетел туристерінің назарын аудару үшін елімізде қажетті ресурстар мен кейбір факторлар бар. Шетел туристерінің сұраныстарының рейтингіне қарамастан, инфрақұрылымның дамуының нашарлығын айта кеткен жөн. Инфрақұрылым нашар болса да, қазірде шетел туристері қызығушылық танытуда. Жеке тәуелсіз тур ұйымдастыру үшін бұл үлкен мүмкіндік. Турист қаражатын мейлінше үнемдеп, туроператор қызметіне жүгінбей тур ұйымдастыра алады. 2-суретте шетел туристерінің еліміздегі туризм түрлеріне деген қызығушылық дәрежесі көрсетілген:



2 - сурет. Шетел туристерінің Қазақстандағы туризм түрлеріне қызығушылығы

Туризм салаларының арасында экстремалды туризмді дамытудың маңызы зор. Жалпы, қазақстандық туризмді дамыту үшін экстремалды туризмге ерекше назар аударылуы тиіс. Өйткені Қазақстанның табиғи ерекшеліктері туризмнің осы түрін дамытуды талап етеді. Қазақстанда экстремалды туризмді дамытудың маңызды факторы шетелдік туристерді тарту және тұтынушылық сұранысты тұрақтандыру болып табылады. Ол үшін келесі шараларды қабылдау қажет:

Біріншіден, экстремалды туризмді негізгі сала ретінде тану. Елде іске асырылатын әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиялық бағдарламаларына сәйкес экстремалды туризмді дамытуды мемлекеттік деңгейге көтеру қажет. Тау шаңғысы курорттарына шетелдік инвестицияларды тарту, жолдар мен сапалы қонақ үйлер салу есебінен инфрақұрылымды жетілдіру қажет.

Екіншіден, қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру және жетілдіру. Шет елден келген туристердің қауіпсіздігі кез-келген елдің басты міндеті.

Үшіншіден, көлік және байланыс инфрақұрылымын дамыту. Еліміздегі әуе, темір жол, автомобиль, су жолдарын халықаралық стандарттарға негіздеу. Туроператорлардың көлік құралдарын жаңартуы (жайлы, сапалы автобустар және т.б.). Республикамызда әуе жолдарының бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру. Елімізде халықаралық стандарттарға келетін әуежайлар санын көбейту. Себебі елімізге келген резидент емес туристердің 86,9% әуе көлігін пайдаланған. Еліміздің автомобиль жолдарының ұзындығы 85,2 мың шақырымды құраса, оның 65,4% ғана асфальтталған.

Төртіншіден, туризм саласында имидж бен маркетингтік, ақпараттық қызметтерді дамыту мен жетілдіру. Елдің экстремалды туризмін дамытуға мүмкіндік туғызатын жерлерін таныту үшін жарнама жасау қажет. Отандық экстремалды туризм объектілері: Шымбұлақ, Бурабай, Қарқаралы және т.б туралы жарнамалар түсіріп, оны әлемге таныту мақсатында бейнероликтерді CNN, BBC, Евроньюс, Дискавери сияқты әлемнің атақты каналдарынан көрсету керек.

Бесіншіден, әлемдік нарықтарға сәйкес келетін өнімдер мен қызметтер, сондай-ақ халықаралық сапаға жауап беретін жаңа технологияларды енгізу. Елге туристердің қозғалуы үшін қолайлы жағдай жасау қажет. Брондау-заманауи адамның басты сәттерінің бірі. Сондықтан елде салынған ғимараттар мен қызметтер бүкіл әлем белгілеген стандарттарға сәйкес болуы тиіс.

Алтыншыдан, елде байланыс құралдарын (телефон аппараттары, банкоматтар, интернет) жетілдіру және көбейту қажет. Еліміздің таулы аудандарында әлсіз ұялы байланыс байқалады. Экстремалды туризмді қалайтын саяхатшылар үшін, әрине, қолайсыз жағдай. Осыған байланысты көптеген жұмыстар жүргізу қажет.

Жетіншіден, ұлттық менталитет көрсете отырып, шетелдік туристерді тарту. Бұл фактордың біздің басты "қаймақ" екенін ескеру керек. Өйткені, біздің ерекшеліктеріміз-бұл біздің дәстүріміз, мәдениетіміз, мәдени мұрамыз.

Міне осындай шараларды пайдалана отырып, экстремалды туризмды болашақта айтарлықтай дамытуға болады. Әрине ең бастысы мемлекеттің көмегі және отандық туризмды көтере алатын жас мамандар керек. Сонда ғана Қазақстан болашақта әлемнің озық елдері секілді туризмнен жыл сайын қыруар қаржы тауып, халқымыздың сапалы демалуына және жағдайының жақсаруына септігін тигізетіні сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алиева Ж.Н. Экологиялық туризм: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2002. – Б. 18.
2. Турсинбаева К.С. География туризма Карагандинской области. – Жезказган: ЖезУ, 2004. – Б. 101.
3. Ердаuletov C.P. География туризма: история, теория, методы, практика. – Алматы, 2000. – 210 б.
4. Ильина Е.Н. Туризм – путешествия. Создание туристской фирмы Агентский бизнес. - М.: РМАТ, 2018.
5. Голова О.Б. Менеджмент туризма: Практический курс/ Учебно-методическое пособие. – М., 2017. 224 б.